

А. Игламова, 2-курс

*Ғылыми жетекші — Г. Б. Каржасова, жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының оқытушысы, PhD докторы
(Қазтұтынуодағы Қараганды экономикалық университеті)*

Мемлектіміздің іргесін нығайтудағы — жаңа конституциялық қадамдар

Бегі әділ болса, елі бақытты, халқы тұзу болса, бегі бақытты» деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың көреген басшылығымен жиырма жылдан астам уақыт аралығында еліміз қол жеткізген көңіл толатындай жетістіктерді тілге тиек еткенде, өткен тарихты еске түсірмей тұра алмайсың. Уақыт — төреші деген ақиқат екен. Тәуелсіздік жылдарында ғасырға бергісіз қаншама тарихи оқиғалар басымыздан өтті. Елбасының сындарлы да салиқалы, жүйелі түрде жүргізіп отырған ішкі-сыртқы саясатының арқасында елімізде тыныштық пен татулық орнап отыр, соңғы кездері әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың тигізген зардаптарынан арылудың алғашқы нышандары да байқалудаⁱ.

Көп этносты Қазақстан халқы қазіргі кезеңде әртүрлі тілде сөйлесе де, мемлекеттік тұтастық пен өзара түсіністік арқылы қасиетті көк байрақтың астында бірлік пен достықты мұрат етіп, тату-тәтті ғұмыр кешуде. Елбасы мен халықтың арасындағы арақатынасты саралай отырып, тәуелсіздіктің қаншалықты қымбат, баға жетпес ұғым екенін, оның ұдайы жасампаздыққа жетелейтінін ұғына түскендейсің. Әлем тарихына зер салар болсақ, өз елі тәуелсіздігінің берік іргетасын қалап, аса қысқа тарихи мерізімде дамудың сара жолына салып жіберген мемлекет басшылары саусақпен санарлық. Осындай тұлғалардың бірі Елбасы Н. Ә. Назарбаев екені Қазақстан халқы үшін зор мақтанышⁱⁱ.

Қиыншылықтар мен қайшылықтарға толы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы алдындағы сіңірген ерен еңбегінің барлығын санап шығуға едәуір уақыт кетер еді. Дегенмен, Елбасының ең негізгі еңбегі туған халқының жүздеген жыл армандаған тәуелсіздігін баянды етуі деп білеміз. Сондай-ақ, республиканы аяғынан тік тұрғызудағы көп жылдық ел басқару тәжірибесіне негізделген дана басшылығы мен көреген қайраткерлігі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың еңбектерінде еліміздің конституциялық құрылымының қалыптасу процесіне ерекше мән беріледіⁱⁱⁱ.

Оған дейін, яғни Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, 1993 жылы 28 қаңтарда өзінің алғашқы Конституциясын қабылдаған болатын. Бірақ 1993 жылғы Ата Заңымыз ескі әкімшілік, әміршілдік қоғам ережелеріне, көбінесе кеңестік демократия қағидаларына негізделгендіктен жаңа қоғам өмірінің талабына жауап бере алмады. Онда адам құқықтары мен бостандықтары, оларды жүзеге асыру қағидалары, мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметі жете көрсетілмеген еді.

1995 жылғы Конституцияның жобасын талқылауға 3 млн 345 мың адам атсалысып, өз пікірлерін білдірді. Яғни, Қазақстан халқының үштен бірі қатысты. Жобаға 1 100 түзету

енгізілді. Тоқсан сегіз баптың елу бесіне елеулі өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бұрын болмаған жаңа бөлімдер, баптар пайда болды. 1995 жылғы Конституцияның ерекшеліктері мен артықшылықтары қандай болды? — деген сұраққа жауап беретін болсақ: біріншіден, заң шығарушы, атқарушы, сот билігін белгілеп, олардың ара жігін межелеп, құзыретін, жұмыс істеу тетігін, өзара іс-қимыл бірлігін заң тұрғысынан айқындап берді. Екіншіден, өкімет билігінің жоғарыда көрсетілген тармақтарға жіктелуі — саяси тұрақтылықты орнықтырып, азаматтардың барлық конституциялық құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. Үшіншіден, мұнда құқық пен жауапкершілік ұғымдары пара-пар көрсетілген. Соның нәтижесінде елімізде бүгінгі таңда президенттік басқару жүйесі, қос палаталы Парламент, Үкімет, қазіргі заманғы сот жүйесі және басқа да мемлекеттік органдар тиімді жұмыс істеуде.

Конституциялық реформа бұрыннан болған. Атап айтқанда, Ата заңға 2007 және 2011 жылы өзгертулер енгізілген. Жалпы қолданыстағы Кон Конституцияның өзінде жұмыс істемейтін «жансыз баптар» бар екенін біз, заңгерлер жақсы білеміз. Сондықтан заңнамаларымызға тың серпін беретін елеулі өзгерістер болғаны құптарлық-ақ^{iv}.

Жалпы, Елбасының өкімімен 2017 жылғы 26 қаңтар мен 2017 жылғы 26 ақпан аралығында бүкілхалықтық талқылауға шығарылған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі жұмыс тобы құрылған болатын.

Конституцияға енгізілуге ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар жобасын екі топқа қарастыруға жөн. Біріншісі — Қазақстандағы меншік құқығының кепілдігін қамтамасыз ету. Яғни, жеке меншікті Конституция негізінде қорғау тетіктерін одан әрі нығайту, күшейту қарастырылып отыр. Екіншісі — Қазақстандағы билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді билік тармақтарының қайта бөлу мәселесі. Сол арқылы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре түсу жолдары қарастырылуда^v.

Нұрсұлтан Назарбаев Конституцияның 26-бабын яғни алдыңғы нұсқасын қалдыру жөнінде шешімін қабылдады. Яғни, Ата заңымыздың 26-бабындағы «Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады» деген сөйлемдегі «азаматтары» деген сөзді «әркіммен» алмастыру ұсынылған болатын.

Жалпы, конституцияның анықтамасына келетін болсақ халық пен биліктің арасындағы шарт. Халық дауыс беру арқылы өзіне ұнайтын Парламент пен Үкіметті сайлайды. Сондықтан, осы тұрғыда Президент өзінің белгілі бір міндетін парламентке беруі — заңды дүние деп ойлаймын. Конституция дін емес, дәстүр емес, ол біздің еліміздің басты құжаты. Ол нақты болуы керек. Ол ұсақ нәрселерді елемей, ірі мәселелерді қарауы керек»^{vi}.

ⁱ Қасымбеков М. Б. Первый: Очерки о Президенте Республики Казахстан. — Астана, 2010.

ⁱⁱ «Бәйтерек». Президент Нұрсұлтан Назарбаев туралы замандастар толғанысы. — Астана, 2003.

-
- iii Назарбаев Н. Ә. Ғасырлар тоғысында. — Алматы, 1996. — Б. 171—188.
- iv Конституциялық реформа және Қазақстанда демократиялық үдерістердің тереңдей түсуі: Конф мат-дары. — Астана, 2007.
- v Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту: — Жинақ / Құрастырғандар: Н. Махмудов, К. Исина, А. Кемельбаева, И. Рачковский. — Алматы, 2006.
- vi Конституциялық реформа // www.adilet.zan.kz